

**Ертлеуова Балауса Отаргалиевнаның 6D120100-Ветеринарлық медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «*Artemisia lerchiana* негізінде дайындалған препараттың жануарлардың жарапарын емдеудегі тиімділігін анықтау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

Р/Н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сизу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен номірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Ертлеуова Балауса Отаргалиевнаның диссертациялық жұмысы AP15473422 «Жануарлардағы хирургиялық жаракаттарды емдеуде <i>Artemisia lerchiana</i> негізіндегі препараттың емдік тиімділігін анықтау» тақырыбындағы (2022-2024 жж.) жоба бойынша орындалған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін косады. Зерттеу жұмысы барысында бірқатар жаңашылдықтар қарастырылған. Докторант Б.О. Ертлеуова өзінің ғылыми жұмысында жусан өсімдігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша эндемикалық түрі болып саналатын <i>Artemisia lerchiana</i> өсімдігінің әртүрлі дәрілік формаларын (тұнба және эфир майы) алып, олардың бактериологиялық, кейбір токсикологиялық қасиеттері зерделенген. Бұған қоса, <i>Artemisia lerchiana</i> негізінде алынған эфир майынан жакпа май</p>

			дайындалып, зертханалық және өндірістік зерттеулер жүргізілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган.	Докторанттың диссертацияны өзі жоғары деңгейде жазған. Диссертация жұмысында зерттеуге ұсынылған негізгі мәселелер толық қамтылған, мазмұнды, жүйелі, орындалу реттілігін сактай отырып жазған. Орындалған жұмыста бірізділік сакталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген. Соңғы уақыттарда әлемдік және отандық тәжірибеде дәрілік өсімдіктерден емдік препараттарды дайындау ғылыми түрғыда қызығушылықты арттыруда. Осы орайда, <i>Artemisia</i> туысына жататын көптеген түрлердің жан-жақты қасиеттері зерттелген. Дегенмен Қазақстан Республикасы аймағында өсетін көптеген жусан түрлерінің негізгі қасиеттері зерттелмеген. Докторант өз жұмысында жануарлардағы ашық жаракаттарды (жаралар) емдеуде микробқа қарсы және регенерация үрдісін жеделдететін өсімдік негізінде препаратты ұсынған. <i>Artemisia lerchiana</i> негізінде дайындалған дәрілік формалардың микробқа қарсы қасиеттері салыстырмалы айқындалып, препараттың емдік тиімділігі зертханалық және шаруашылық жағдайындағы зерттеулермен көрініс тапқан.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды: 1) <u>айқындаиды</u> ; 2) ішінара айқындаиды; 3) айқындаамайды.	Диссертация мазмұны диссертацияның тақырыбын толық айқындаиды, яғни, зерттеу жұмысындағы барлық міндеттердің толықтанды орындалғандығы айғақ.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен

	<p>тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан</u>;</li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	міндеттері тақырыпқа сай келеді.
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	Докторант ұсынған жұмыста жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырмалы сипатта бағаланған. Диссертациялық жұмыста ғылыми әдебиеттер және жарияланымдарға сілтемелер жасалып, зерттеу тақырыбымен өзара байланыстағы сынни талдаулар келтірілген.
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>	Ғылыми нәтижелер толығымен жаңа. Докторант зерттеу нәтижесі бойынша нарықта қолжетімді жусан өсімдігі негізіндегі қарапайым құрамдағы, дайындалу технологиясы күрделілікті талап етпейтін, емдік тұргыда тиімді, микробқа қарсы әсерге ие жаңа препаратты ұсынған.
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>	Докторанттың ғылыми жұмысының қорытындылары жаңа сипатта. Себебі, ғылыми жұмысында алынған негізгі зерттеу объектісі - <i>Artemisia lerchiana</i> жусанының химиялық құрамы мен биологиялық белсенді заттары айқындалғанмен, қолданылу сипаты, негізгі қасиеттері және емдік негіздегі

			препарат ретінде қарастыру бойынша зерттеулер жүргізілмеген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе? 1) толығымен жана; 2) <u>ішінара жана</u> (25-75% жана); 3) жана емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ішінара жана.
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық негізгі корытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі корытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері докторантпен жарияланған ғылыми макалаларда көрініс тапқан.
7.	Коргауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұраптарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелленді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u> ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u> ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі:	Диссертациялық жұмыс бойынша алынған нәтижелер дәлелді. Тривиалды емес. Бұган дәлел жарияланған макалалар. Зерттеу жұмыстарының қолданылуы деңгейі кең көлемде. Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми және оку үрдісіне енгізу актілері толықтай жасалған.

		<p>1) тар;      2) орташа;      3) <u>кен</u>      4) бұл тұжырымда ереженің қолдану денгейін тексеру мүмкін емес.      7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иля</u>;      2) жок      3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>иля</u>;      2) жок.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иля</u>;      2) жок.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>;      2) жок.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қолданылған әдістемелер нақтылы авторлармен ұсынылған дәлелді әдістерге негізделген. Зертханалық және тәжірибелі зерттеулердің әрбір бөлімдері нақты ұсынылған әдістемелік нұсқауларға, ережелерге, заңдылықтарға сай орындалған.</p> <p>Ғылыми жұмыстың статистикалық мәліметтері заманауи цифрлық бағдарламалар негізінде орындалған. Зертханалық, клиникалық зерттеулер мен дәрілік препаратты дайындау технологиясын игеруде бірқатар заманауи құрылғылар қолданылған.</p> <p>Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / <u>расталмаған</u>.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/<u>жеткіліксіз</u>.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста отандық галымдардың, шетелдік галымдардың жұмыстарына толықтай сілтемелер жасалған.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеу жұмысына 175 ғылыми әдеби көздер қолданылған.</p>
9.	Практикалық қагидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) бар;</li> <li>2) жок.</li> </ol> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>иля</u>;</li> <li>2) жок.</li> </ol> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы оқу үрдісіне ұсынылған актілермен көрініс тапқан.</p> <p>Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы бар. <i>Artemisia lerchiana</i> негізіндегі дайындалған дәрілік препарат шаруашылық жағдайда қолдануға өте ынғайлыш, әртүрлі дәрілік формаларының өзінің емдік тиімділігі жоғары екендігі дәлел.</p> <p>Практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Зерттеуде келесідей ұсыныстар қамтылған.</p> <p>1. Жануарлардағы асептикалық және ірінді жарапарды емдеу үшін ондірістік және ғылыми мақсаттар үшін дәрілік өсімдіктер негізінде дайындалған <i>Artemisia lerchiana</i> жакпа майын қолдануды ұсынған.</p> <p>2. Диссертациялық жұмыс материалдарын ветеринарлық хирургия, фармакология бөлімдері бойынша оқу үрдісінде «Ветеринарлық медицина» мамандығының білім алушылары мен магистранттары үшін, сондай-ақ біліктілікті арттыру курстарында қолдануға кенес берілген.</p> <p>3. Тәжірибелі мақсатта иттердегі және койлардағы асептикалық және ірінді жарапарды емдеуде <i>Artemisia lerchiana</i> негізіндегі препараттармен (тұнба және</p>

			жақпа май) жануарлар толық жазылғанша кешенді емдеу әдісін ұсынған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы – жоғары. Ізденушінің ғылыми жұмысында академиялық адалдық сақталған. Әрбір қолданылған әдеби көздерге толықтай сілтеме жасалған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыс мазмұнды әрі жүйелі жазылған. Жұмыс барысында кейбір грамматикалық қателіктер кездеседі. 84-ші беттегі 6.3 бөлімінің 1-ші абзацының екінші жолындағы «иттердегі» сөзін «көйлардағы» сөзімен алмастырып, үшінші жолындағы «көйларға» сөзін алып тастау қажет. Аталған қателіктер, түзетуге толықтай сай келеді. Өзгерту барысында диссертациялық жұмыстың құрылымын бұзбайды және айқын көрінетін, зерттеу нәтижелерінің сипатын төмендететіндей өзге қателіктер байқалған жок.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында коргалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Жарияланған ғылыми мақалалардың сипатына тоқталсақ, келесідей талдаулар ұсынылады. Scopus дереккорындағы мақаласы: -«Evaluation of the antibacterial effect of <i>Artemisia lerchiana</i> compared with various medicines» (Brazilian Journal of Biology, 2023.- P. 1-7. DOI: <a href="https://doi.org/10.1590/1519-6984.277641">10.1590/1519-6984.277641</a> Процентиль – 61) атты мақалада шетелдік авторлардың еңбектеріне сілтемелер толық жасалған. ҚР ФЖБ министрлігінің ФЖБ саласында сапаны қамтамасыз сту комитетімен

			ұсынылған журналдардағы макалаларында жануарлар арасындағы хирургиялық аурулардың таралу сипаты, тандап алынған дәрілік өсімдіктердің бактерияға карсы әсерінің салыстырмалы сипаты, токсикологиялық зерттеу нәтижелері, иттердің асептикалық жараларына ұсынылған препараттың емдік тиімділігі сипатталған және зерттеу бөлімдеріне толық сай келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармагына сәйкес)		Ертлеуова Балауса Отаргалиевнаның « <i>Artemisia lerchiana</i> негізінде дайындалған препараттың жануарлардың жараларын емдеудегі тиімділігін анықтау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысыныңғылыми және тәжірибелі маңыздылығы жоғары. Ұсынылған жұмыстың авторы 6D120100-«Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринариялық институты» ЖШС-нің филиалы «Батыс Қазақстан ғылыми-зерттеу ветеринариялық стансасының» менгерушісі, биология ғылымдарының докторы, профессор



Канатбаев

С.Г. Канатбаев

мерзімі «17» қазан 2024 жыл

С. Г. Канатбаевнануң резим  
распашное.  
Запечатление проф. С. Г. Канатбаев  
17.10.2024 ж.